**«Бекітемін»**
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің
№20 «Нұршуақ» балабақша-бөбекжайы КМҚК
директоры __________ Ж.Е.Смагулова
«_01_»________________2023ж

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің**

**перспективалық жоспары**

**«Балапан» мектепалды тобы (5 жас)**

Тәрбиеші: Бердхан Нургул
Нажбиева Ж.М

**Өскемен қаласы 2023-2024 ж**

Scanned with CamScanner

**Қыркүйек айы 2023 ж**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | Балабақшадағы алғашқы күн.<br>Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету.<br>Балабақшадағы алғашқы күн.<br>Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту.<br>Менің досым<br>Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.<br>Менің досым<br>Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту.<br>Менің сүйікті ойыншығым<br>Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету.<br>Менің сүйікті ойыншығым<br>Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>Күз бояуы<br>Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.<br>«Күз бояуы»<br>Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. |
| Сауат ашу негіздері | «Сөйлеу.Сөйлеммен танысайық»<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>«Сөйлеу.Сөйлем»<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>«Сөйлеу.Сөйлем»<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу қызметін арттыру.<br>«Сөз»<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>«Сөз»<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулуды арттыру.<br>«Буын»<br>Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.<br>«Сөздерді буынға бөлейік»<br>Буын туралы түсініктерін ары қарай арттыру. Сөздерді буынға бөле отырып мысал келтіріп, буын санын анықтауды жалғастыру.<br>«Дыбыс туралы түсінік»<br>Дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру.<br>«Дыбыстар әлемінде»<br>*Дыбыстар мен әріптердің айырмашылығын меңгерту. Дыбыстың дауысты,* |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру<br>«Дыбыс.Буын.Сөз»<br>Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсініктерін арттыру.<br>«Дыбыс.Буын.Сөз»<br>Дыбыс, буын, сөз туралы түсініктерін дамытуды жалғастыру.<br>«Қолды жазуға дайындау»<br>Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. |
| Көркем әдебиет | «Мен кіммін және қандаймын?» Балаларға білім күні туралы түсінік беру. Оқусыз білім жоқ сөзінің мағынасын ұғындыру. Оқуға деген қызығушылықтарын дамыту. Балабақшадағы тәрбиеші және баскада қызметкерлерді құрметтей білуге тәрбиелеу.<br><br>Күз –жомарт (өлеңін жатттау) Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып жеткізу, Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетін ұғындыру.оны бағалай білуге тәрбиелеу,<br><br>Кішкентай бағбан Әңгімені оқып беріп,түсінік айту. Балаларға бағбан сөзінің мағынасын түсіндіру. Әңгімені өз сөздерімен айта білуге дағдыландыру.Еңбекке қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын молайту. Суретке қарап әңгіме құрастыра алуға тәрбиелеу.<br><br>Жемістер жыры (өлеңін жатттау) Өлең мазмұнын ашу.Өлең ырғағын келтіре отырып,тіл ерешелігін,көркем сөздерін түсіну,әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту.Жемістердің пайдасы туралы айтып,құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту.Табиғатты сүюге қорғауға тәрбиелеу. |
| Математика негіздері | «Кеңістікті бағдарлау»<br>Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету.<br>«Кеңістікте және қағазбетінде бағдарлау»<br>Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға,төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуынанықтау.<br>««Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау»<br>Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.<br>«Біреу»<br>«Бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатарбүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігінұғындыру.<br>«Біреу – көп»<br>«Біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей жәнетүрлі түсті» терминдерін енгізу.<br>«Біреу – көп»<br>«Біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу.Логикалық байланыстармен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.<br>«Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»<br>Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратынжиын туралы түсінік беру; «бір» (біреу) терминдері, бірзаттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтыңжиынтығын және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығынбілдіретіндігін ұғындыру.<br>«Заттарды ортаққасиеті бойыншатопқа біріктіру»<br>. Заттарды әртүрлі белгісі<br>бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісібойынша заттарды |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | ерекшелеу.<br>«Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»<br>Логикалық байланыстармен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.2. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеуқабілеттерін дамыту.<br>«1 саны және цифры»<br>1 және 2 цифрларымен таныстыру; заттарды санайалуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. 3<br>«1 саны және цифры.2 саны және цифры»<br>Заттардыжіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілербойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу.<br>«1 саны және цифры. 2 саны және цифры»<br>:1 және 2 сандарының құрамы туралы білімінқалыптастыру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | «Бізді не қоршап тұр»<br>Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.<br>«Біз үйде нешеуміз»<br>Отбасы құндылығының маңыздылығын ашу. Отбасына деген сүйіспеншілікке баулу.<br>«Адам қолынан жасалған бұйымдар»<br>Қазақтың ұлттық бұйымдарымен таныстыру. Балалрды ұлттық бұйымға деген қызығушылығын арттыру.<br>«Әшекей бұйымдар»<br>Балаларға зергерлік өнер туралы мәліметтер бере отырып білімін қалыптастыру.<br>«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»<br>Балаларды еңбек сүйгіштікке, үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.<br>«Менің елім»<br>Отанға, туған жерге,елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Отаның сүйе білуге тәрбиелеу.<br>«Тірі және өлі табиғат»<br>Балаларға өлі және тірі табиғат туралы, жан – жақты түсінік беру. Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>«Туған өлкенің өсімдіктері»<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкеністер мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштын түрлерін танып атауға үйрету. |

Scanned with CamScanner

**Қазан айы 2023 ж**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | «Менің атам»<br>Суретке қарап әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту.<br>«Менің атам»<br>Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.<br>«Қорыққанға қос көрінеді» (ертегі)<br>Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>«Қорыққанға қос көрінед» (ертегі)<br>Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту.<br>«Отбасының күзгі еңбегі»<br>Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу.<br>«Отбасының күзгі еңбегі»<br>Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>«Күзгі жапырақтар»<br>Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру.<br>«Күзгі жапырақтар»<br>Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. |
| Сауат ашу негіздері | **I ші апта**<br>«А» дыбысы және әрпі<br>(а дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«А» дыбысы мен әрпі<br>(сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу, сөздік қорларын толықтыру)<br>«А» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу, сөздік қорларын толықтыру қарындашты дұрыс ұстауға үйрету)<br>**II ші апта**<br>«Р» дыбысы және әрпі<br>(р дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Р» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу, сөздік қорларын толықтыру)<br>«Р» дыбысы және әрпі<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**III ші апта**<br>«Л» дыбысы және әрпі<br>(л дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Л» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу,байланыстыра сөйлеуге үйрету)<br>«Л» дыбысы және әрпі<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**IV ші апта** |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | «У» дыбысы және әрпі<br>(у дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«У» дыбысы және әрпі<br>(дыбыстық талдау жасауға үйрету, бірнеше сөйлем құрастырту) |
| Көркем әдебиет | **Шаруа мен аю:** Ертегіні оқып беру.Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс аша білуге дағдыландыру.Ертегіні мазмұнын бұзбай айта білуге тәрбиелеу.Өз ойларымен ертегі құрастыра алуға қызығушылықтарын ояту.<br>**Менің ойыншықтарым(өлеңін жатттау):** Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру.ойыншықтарды ұқыпты,таза ұстай білуге тәрбиелеу.Өз ойыншықтары туралы әңгіме құрастырып, айтуға дағдыландыру.<br>**Арыстан мен тышқан (ертегісі):** Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттін дамыту.Ертегінің мазмұнын,басты кейіпкердің мінез құлқына баға бере отырып,өз ойларын жеткізе білуге баулу.Өз түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру.Бір-біріне қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Мақтақыз бен мысық:** Ертегіні оқып беру.Ертегідеге кейіпкерлердің атауларын дұрыс айта білуге дағдыландыру.Достық туралы ұғымды түсіндіру.Үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.Ертегіні дұрыс айта біліуге тілдерін жаттықтыру.Сөздік қорларын молайту. |
| Математика негіздері | **І- ші апта**<br>«3 саны және цифры.4 саны және цифры»<br>Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету;заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету<br>«3 саны және цифры. 4 саны және цифры»<br>Заттартобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау,дағдыларын дамыту.<br>«3 саны және цифры. 4 саны және цифры»<br>3 және 4 сандарының құрамы туралыбілімін қалыптастыру<br>**ІІ- ші апта**<br>«5, 6 сандары жәнецифрлары»<br>Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету;заттарды санау дағдысын жетілдіру<br>«5, 6 сандары және цифрлары»<br>5 және 6 цифрларындұрыс тану мен бейнелеуге үйрету.Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнатуқабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту.<br>«5, 6 сандары және цифрлары»<br>5 және 6 сандарының құрамы туралыбілімін қалыптастыру.<br>**ІІІ- ші апта**<br>«7, 8, 9 сандары жәнецифрлары»<br>.Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету;заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8,9 сандарын бейнелеуді үйрету.<br>«7, 8, 9 сандары және цифрлары»<br>Логикаға арналған ойынтапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасындамыту.<br>«7, 8, 9 сандары және цифрлары»<br>7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімінқалыптастыру.<br>**IV ші апта**<br>«10 саны»<br>10 санының жазбасын заттардың санымені сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру.<br>«10 саны» |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | 10санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау,саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.<br>«10 саны»<br>0 және 10 сандарының құрамы және олардыңжазылуы туралы білімін қалыптастыру |
| Қоршаған ортамен таныстыру | **Іші апта**<br>«Нан қайдан келді?»<br>Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың еңбегіне құрметпен қарауға үйрету.<br>«Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді»<br>Жабайы жануарлардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. Жануарлар әлемін сүюге баулу.<br>**IIші апта**<br>«Табиғатта не өзгерді?»<br>Табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау.<br>«Жыл құстары»<br>Қыста жылы жаққа ұшып кететің жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір – бірінен айыра білуге үйрету. Құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.<br>**.IIIші апта**<br>«Ағаш және бұта»<br>Ағаштың, бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір – бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай(жапырағы, діні, жемісі) айыра білуге үйрету. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>«Себетке қандай сңыраукұлақ саламыз»<br>Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, ақ саңырауқұлақ, қайынқұлақ, тереккұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт, арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға саңырауқұлақтың түр – түсі мен атауларын үйрету.<br>**IVші апта**<br>«Төрт түлік»<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікке не жататының ұғындыру, олардың пайдасы, адам өміріндегі маңызы туралы білуге үйрету.<br>«Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет»<br>Жануарлардың тірі жан иесі екендігі  және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. |

Scanned with CamScanner

**Қараша айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | **І-ші апта**<br>**Мамандықтардың бәрі жақсы.**<br>Мамандық түрлері туралы жалпы түсінік беру.Сурет бойынша «Мен кім боламын?» деген тақырыпқа әңгіме құрастырту..<br>Мамандықтардың бәрі жақсы.<br>Бақыткерей Ысқақтың «Кім болам?» өлеңің жаттау.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Ең тәтті дүние**<br>Әңгіме мазмұның толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту.<br>Ең тәтті дүние<br>Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Хайуанаттарды жақсы көруге<br>тәрбиелеу.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)**<br>Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету<br>Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме)<br>Мақал- мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу.<br>**ІV-ші апта**<br>**Қысқа дайындық (ертегі)**<br>Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>Қысқа дайындық (ертегі)<br>Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту.Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) |
| Сауат ашу негіздері | **І ші апта**<br>**«Н» дыбысы және әрпі**<br>(н дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Н» дыбысы және әрпі<br>(сөйлем құрату арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту)<br>«Н» дыбысы және әрпі<br>(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру)<br>**ІІ ші апта**<br>**Не үйрендім?Не білдім?**<br>(өтілген әріптер мен дыбыстарға шолу жасау, сөйлем құрастыру, сөздерді буынға бөлу)<br>«С» дыбысы және әрпі<br>(с дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«С» дыбысы және әрпі<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу) |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | **III ші апта**<br>**«О» дыбысы және әрпі**<br>(о дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«О» дыбысы және әрпі<br>(сөз құрау арқылы ой-өрістерін дамыту, бірнеше сөйлем құрастыру)<br>«О» дыбысы және әрпі<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстау дағдыларын арттыру)<br>**IV ші апта**<br>**«Т» дыбысы және әрпі**<br>(т дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Т» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буынға бөлу, бууын санын анықтау)<br>«Т» дыбысы және әрпі<br>(дыбыстық талдау жасау) |
| Көркем әдебиет | **Әдептіліп әлемі**<br>Әдептілік әлемі туралы түсінік беру.Әдепті болу әр адамның өз қолында екенін түсіндіру.Үлкендерге,кішілерге көмек беруге тәрбиелеу.Әдепті адам көрікті көрінетіні туралы ұғындыру.Жақсы сөздерді жиі айта білуге дағдыландыру.Әдептілікті әркез жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Ақмақ қасқыр (ертегі)**<br>Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлердің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге,өз ойларыне жеткізге білуге үйрету..Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Тәуелсіз Қазақстан**<br>Тәуелсіз Қазақстан туралы түсінік беру.Тәуелсіз сөзінің мағынасын түсіндіру.Тәуелсіздік оңайлықпен келмегені туралы ұғындыру.Ел батырларының батырлығын құрметтей білуге тәрбиелеу.Өз елінің тілін,рәміздерін дұрыс айта білуге білімдерін кеңейту.Өлеңді дұрыс айта білуге тілін дағдыландыру.<br>**Менің елімнің рәміздері**<br>Өлеңді дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге,туған жерін,Отанын сүюге тәрбиелеу.Имандылық адамгершілік тәрбиесіндегіүлгі-өнеге сөздерді үйретіп,елді қорғауға баулу. |
| Математика негіздері | **І-ші апта**<br>**Заттарды өлшемі бойынша салыстыру**<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыру<br>Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету.<br>Заттарды өлшемі бойынша салыстыру<br>Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру<br>**ІІ-ші апта**<br>**Ұзындық.** шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру<br>Ұзындық. шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру;<br>Ұзындық. шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.<br>Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.<br>**III-ші апта**<br>**Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.**<br>Геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету.<br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.<br>геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.<br>Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.<br>Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.<br>**IV-ші апта**<br>**Дөңгелек және сопақша.**<br>Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету;<br>Дөңгелек және сопақша.<br>заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.<br>Дөңгелек және сопақша.<br>сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | **I ші апта**<br>**«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдету. Мамандық түрлерімен таныстыру.<br>«Кім болам?»<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу, қабілетін дамыту.<br>**II ші апта**<br>**«Бөлме өсімдіктері»**<br>Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.<br>«Тұқымнан не өсіп шығады?»<br>Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Топта өзінің достарымен бірге бірігіп жұмыс істей білуге үйрету.<br>**III ші апта**<br>**«Аквариумда не тіршілік етеді?»**<br>Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру.Балаларды еңбекқорлыққа баулу.<br>«Ауа не үшін қажет?»<br>Балалардың «адам, жануарлар, өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | **деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту.**<br>**IV ші апта**<br>**«Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?»**<br>**Тірі табиғаттың бір бөлігі жануарлар туралы әңгімелеу. Жануарлар тіршілігіне қажетті жағдайлар туралы түсінік беру.**<br>**«Аңдар қысқа қалай дайындалады?»**<br>**Жануарлардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.** |

Scanned with CamScanner

**Желтоқсан айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылғанісәрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | **I-ші апта**<br>Алғашқы қар<br>Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу.Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>Алғашқы қар<br>Абай Құнанбаев «Қыс» өленің жаттау.<br>**II-ші апта**<br>Менің Отаным<br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету.<br>Менің Отаным<br>Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүюге баулу.<br>**III-ші апта**<br>«Қыс»<br>Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>«Қыс»<br>Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**IV- ші апта**<br>«Ажарлы қыс»<br>Сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту.<br>«Ажарлы қыс»<br>Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |
| Сауат ашу негіздері | **Іші апта**<br>«Қ» дыбысы және әрпі<br>(қ дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Қ» дыбысы және әрпі<br>(сөз құрау арқылы ой-өрісін дамыту, бірнеше сөйлем құрастыру)<br>«Қ» дыбысы және әрпі<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу)<br>**II ші апта**<br>«Ы» (дыбысы және әрпі)<br>(ы дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Ы» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буынға бөлуге, бууын санын анықтау)<br>«Ы» дыбысы және әрпі<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу)<br>**III ші апта**<br>«З» (дыбысы мен әрпі) |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | (з дыбысы мен әрпімен таныстыру)<br>«З» дыбысы және әрпі<br>(сөйлем құрату арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту)<br>«З» дыбысы және әрпі<br>(сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды)<br>**IV ші апта**<br>«М дыбысы және әрпі»<br>«М» (дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«М» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буынға бөлуге, буын санын анықтау)<br>«М» дыбысы<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу) |
| Көркем әдебиет | **Қыс (өлеңін жатттау)**<br>Қыс өлеңін  дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Өлең шумақтарын жаттау сөздік қорларын молайту.Балаларға  табиғат көрністерін сипаттауды,қыс қызықтарын айтқызып үйрету.<br>**Мысық,әтеш және түлкі**<br>Ертегініні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру.<br>**«Жаңа жыл келді»**<br>(суретке қарап әңгіме құрап, айту)  Жақсылық, мейрімділік құндылықтары туралы білімдерін тереңдету.<br>Бір-біріне жақсылық ойлауға, жақсы тілектер айтуға баулу.<br>Б.Әбділовтің<br>**«Жақсы мен жаман»**<br>әңгімесінің мазмұнын айту. Өлеңді оқып беру.<br>Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту. Қызығушылығын арттыру. |
| Математика негіздері | **І-ші апта**<br>Шар, текше, цилиндр.<br>Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету<br>Шар, текше, цилиндр.<br>Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.<br>Шар, текше, цилиндр.<br>геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.<br>**ІІ-ші апта**<br>Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.<br>Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: аңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру;<br>Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.<br>Тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең<br>Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.<br>Уақытты циферблат арқылы анықтау.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | **III- ші апта**<br>Апта күндері.<br>Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; с<br>Апта күндері.<br>Сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.<br>Апта күндері.<br>Апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**IV- ші апта**<br>Жыл мезгілдері.<br>Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту.<br>Жыл мезгілдері.<br>айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атауға білімдерін қалыптастыру.<br>Жыл мезгілдері.<br>Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке баулу |
| Қоршаған ортамен таныстыру | **І ші апта**<br>«О, алақай қыс келді!»<br>Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау.<br><br>«Қыс мезгілі қонақта »<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап дұрыс баяндауға байланыстырып сөйлеуге дамыту. Жұмбақтар, тақпақтар айту арқылы баланың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**ІІ ші апта**<br>«Қыстап қалатың құстар»<br>Балалардың қыстап қалатың құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқор болуға үйрету.<br><br>«Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді?»<br>Құстардың қыстағы тіршілігі  туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге баулу.<br>**ІІІ ші апта**<br>«Боран қай кезде соғады?»<br>Қыста табиғатта болатың маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір – бірінен ажыратуға үйрету. Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>«Судың қасиеті»<br>Судың қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйге түсетіні туралы түсінік қалыптастыру. Тәжірибе жұмыстарына деген қызығушылығын арттыру.<br>**ІVші апта**<br>«Қош келдің жаңа жыл!»<br>Қыс мезгіліндегі ең ерекше мереке жаңа жыл екнің түсіндіру.Балалардың шығармашылық ойлау қабілетің, сөздік қорын көбейту.<br><br>«Жаңа жыл мерекесі»<br>Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін тереңдету. Қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. |

Scanned with CamScanner

**Қаңтар айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | ***I-ші апта***<br>**«Біз де ойнаймыз»**<br>**Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету. Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту.**<br>**«Біз де ойнаймыз»**<br>**Дидактикалық ойындар арқылы дыбыс туралы алған білімдерін бекіту.**<br>***II- ші апта***<br>**«Ақсақ құлан» аңызы**<br>**«Ақсақ құлан» аңызын мазмұны бойынша әңгімелету.**<br>**«Ақсақ құлан» аңызы**<br>**Балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту. Хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу.**<br>***III-ші апта***<br>**Су торғайы**<br>**Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету.**<br>**Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға тәрбиелеу.**<br>**Су торғайы**<br>**Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.Құстарға қамқорлық жасау мен қорғауға**<br>***IV- ші апта***<br>**Қыс қызықтары**<br>**Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.**<br>**Қыс қызықтары**<br>**Қыс белгілері жайлы әңгімелесу. Дыбыстық талдау жасауды үйрету.** |
| Сауат ашу негіздері | **I-ші апта**<br>**«Е» дыбысы және әрпі**<br>**(е дыбысымен таныстыру)**<br>**«Е» дыбысы және әрпі**<br>**(Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету)**<br>**«Е» дыбысы және әрпі**<br>**(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу)**<br>**II-ші апта**<br>**«Д» дыбысы және әрпі**<br>**(д дыбысы және әрпімен таныстыру)**<br>**«Д» дыбысы және әрпі**<br>**(Сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу, сөздік қорларын толықтыру)**<br>**«Д» дыбысы және әрпі**<br>**(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы** |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру)<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Ш» дыбысы және әрпі**<br>(ш дыбысымен таныстыру)<br>**«Ш» дыбысы және әрпі**<br>(Сөзге дыбыстық талдау жасауға, сөзді буынға дұрыс бөлуге үйрету)<br>**«Ш» дыбысы және әрпі**<br>(Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету)<br>**IV-ші апта**<br>**«Ұ» дыбысы және әрпі**<br>(ұ дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>**«Ұ» дыбысы және әрпі**<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды)<br>**«Ұ» дыбысы және әрпі**<br>(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру) |
| Көркем әдебиет | **Бір уыс мақта**<br>Әгімені оқып,түсінік беру.Сурет бойынша әңгіме құрастыра алуға білімдерін кеңейту.Әр заттың пайдасы болатыны туралы түсінік беру.Әңгіме құрастыра айтуға білуге қызығушылықтарын арттыру.Мақтаның пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Әже(өлеңін жатттау)**<br>Әже сөзі туралы түсінік беру.Әжесінің  отбасында алар орны бөлек екенін ұғындыру.Әжесі туралы әңгімелеп беруге сөздік қорларын молайту.Үлкендерге қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Көкек (ертегісі)**<br>Ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көруге,іс-әрекеттерін сезінуге,өз ойларын жеткізе білуге баулу.<br>**Татар ұлтының «Үш қыз» ертегісін оқу.**<br>Мазмұнын әңгімелеу. Татар, шешен халықтарының ұлттық салт-дәстүрімен таныстыру. Қазақ салт-дәстүрімен салыстырып, айырмашылықтарын ажырата білуге жаттықтыру. Өзге ұлт өкілдерін сыйлауға тәрбиелеу. |
| Математика негіздері | **І-ші апта**<br>**Ауыр. Жеңіл.**<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету;<br>Ауыр. Жеңіл.<br>Заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.<br>Ауыр. Жеңіл.<br>заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.**<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету;<br>Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.<br>салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.<br>заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту<br>**III-ші апта**<br>**Бүтін және бөлік.**<br>Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету<br>Бүтін және бөлік.<br>«бүтін және бөлік» туралы ұғым калыптастыру.<br>Бүтін және бөлік.<br>Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды 22 салыстыру. «+», «–» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.<br>**IV-ші апта**<br>**Артық, кем, тең.**<br>Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру;<br>саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау;<br>Артық, кем, тең.<br>«артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру<br>Артық, кем, тең.<br>санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | **I-ші апта**<br>**«Қыс қызығы»**<br>Балалрдың қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.<br><br>**«Күміс қыс»**<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға, байланыстырып сөйлеуге дамыту. Жұмбақтар, тақпақтар, айту арқылы баланың тілін дамыту.<br>**II-ші апта**<br>**«Байланыс құралдары»**<br>Байланыс құралдарының адам өміріне қажеттіліктерін түсіндіру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Заттарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**«Ақпарат көзі»**<br>Қызықты ойындар арқылы қиял, болжамдарын дамыту. Қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>**III-ші апта**<br>**«Жол жүру ережесі»**<br>Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, жол ережесінің белгілерімен таныстыру. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.<br><br>**«Бағдаршам еліне саяхат»**<br>Жаяу жүргіншілердің,  жол ережесін нақты білу керектігі туралы білімдерін бекіту. Көшедегі тәртіп ережесін сақтау, жолда зейінді болу дағдыларын бойларына сіңіру. Тәртіптілікке баулу.<br>**IV-ші апта**<br>**«Үй құстары»**<br>Үй құстарының тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. Үй |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | құстарының пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарға деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**«Өтеш қай кезде шақырады?»**<br>Үй құстарының атауларын білу және оларды бір – бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. Қамқорлыққа тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

**Ақпан айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | **I-ші апта**<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту. Табиғатты сүюге баулу.<br><br>Балалардың қыс мезгілі жайлы білімдерін дамыту.Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>**II-ші апта**<br>«Кеме» өлеңі<br>Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру.<br>«Кеме» өлеңі<br>Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br>**III-ші апта**<br>Кім ақылды? (әңгіме)<br>Сөздерді буынға бөлуді үйрету.<br>Кім ақылды? (әңгіме)<br>Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.<br>**IV-ші апта**<br>Мамандықтың бәрі жақсы<br>Мамандықтармен таныстыру.<br>Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Мамандықтың бәрі жақсы<br>Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>2.Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. |
| Сауат ашу негіздері | **I-ші апта**<br>Не үйрендім?Не білдім?<br>(өтілген әріптер мен дыбыстарға шолу жасау, сөйлем құрастыру, сөздерді буынға бөлу)<br>«Б» дыбысы және әрпі<br>(б дыбыстарымен таныстыру)<br>«Б» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды)<br>**II-ші апта**<br>«Й» дыбысы және әрпі<br>(Тілдерін дамыту, сөздерді дұрыс айтуға баулу)<br>«Й» дыбысы және әрпі<br>(сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды)<br>«Й» дыбысы және әрпі<br>(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру)<br>**III-ші апта**<br>«К» дыбысы және әрпі<br>(к дыбысымен таныстыру)<br>«К» дыбысы және әрпі |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | (тіл ұстарта отырып сөз құрау, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасау)<br>«К» дыбысы және әрпі<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу<br>**IV-ші апта**<br>«І» дысы және әрпі<br>(і дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«І» дыбысы және әрпі<br>(дыбыстық талдау жасауға үйрету, бірнеше сөйлем құрастырту)<br>«І» дыбысы және әрпі<br>(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру) |
| Көркем әдебиет | **Қыс (өлеңін жатттау)**<br>Қыс өлеңін дауыс ырғағына келтіріп айту,мазмұнын ашу.Өлең шумақтарын жаттау сөздік қорларын молайту.Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды,қыс қызықтарын айтқызып үйрету.<br>**Мысық,әтеш және түлкі**<br>Ертегініні оқып беру.Ертегі кейіпкерлерінің жағымды,жағымсыз кейіпкер екенін ажарата білуге дағдыландыру.Ертегіні дұрыс айта білуге тәрбиелеу.Қызығушылықтарын арттыру.<br>**«Көңілді қыс»**<br>(суретке қарап әңгіме құрап, айту) Жақсылық, мейірімділік құндылықтары туралы білімдерін тереңдету.<br>Бір-біріне жақсылық ойлауға, жақсы тілектер айтуға баулу.<br>Б.Әбділовтің<br>**«Жақсы мен жаман»**<br>әңгімесінің мазмұнын айту. Өлеңді оқып беру.<br>Қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорын молайту. Қызығушылығын арттыру. |
| Математика негіздері | **І-ші апта**<br>10 көлемінде тура және кері санау.<br>10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру<br>10 көлемінде тура және кері санау.<br>Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру.<br>10 көлемінде тура және кері санау.<br>Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту<br>**ІІ-ші апта**<br>Заттар тобын салыстыру және санау.<br>Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету;<br>Заттар тобын салыстыру және санау.<br>теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | Заттар тобын салыстыру және санау.<br>10- ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару.<br>**III-ші апта**<br>Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету;<br>Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».<br>Заттың бірнеше тең бөліктері.<br>заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.<br>**IV-ші апта**<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.<br>Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.<br>ғаз бетінде бағдарлау. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дербестікке баулу.<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.<br>Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру |
| Қоршаған ортамен таныстыру | **I-ші апта**<br>«Көліктер»<br>Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>«Көңілді көліктер»<br>Су, ауа, жер көліктерімен таныстыру. Жолда жүру ережесі туралы білімдерін кеңейту.<br>**II-ші апта**<br>«Заттардың адам өміріндегі маңызы»<br>Балаларға адам өмірінде қолданылатын заттардың неден жасалғаны, маңыздылығы туралы түсінік беру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тірбиелеу.<br>«Заттар неден жасалады?»<br>Балаларды табиғи материялдан жасалған заттардың түрлерімен таныстыру, әр түрлі материялдан жасалған заттарды топтастыра білуге үйрету.<br>**III-ші апта**<br>«Қысқы табиғаттағы қауіпті құбылыстар»<br>Қыс мезгіліндегі қауіпті құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.<br>«Қысық табиғатқа саяхат»<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін, көргендері мен аңғарғандарын дұрыс баяндауға, байланыстырып сөйлеуге дамыту. Жұмбақтар, тақпақтар, айту арқылы баланың тілін дамыту.<br>**IV-ші апта**<br>«Адамның, жануарлардың, құстардың тұрғын үйлері, ұялары»<br>Адамдардың, жануарлардың, құстардың мекен ететің тұрғын үйлері, ұялары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Оларды бір-бірінен |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | ажырата білуге үйрету.<br>«Жыртқыш құстар»<br>Жалпы құстар туралы олардың ішінде жыртқыш құстар туралы мағлұмат беру.<br>Олардың тіршілігі мен пайдасы туралы айту. Құстарды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

**Наурыз айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **І-ші апта**<br>Ана туралы өз ойларын айтқызу. Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту.<br>Менің анам<br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрауды үйрету. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Күшік пен мысық» ертегісі.**<br>Сөздерді буынға бөлуге үйрету, дауыс ырғағын, дауыс көркемділігін дамыту.Көркем шығармаларды сахналауға үйрету.<br>**«Күшік пен мысық» ертегісі.**<br>Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттеріндамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**Наурыз –көктем мерекесі**<br>Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.<br>**Наурыз –көктем мерекесі**<br>Салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**IV-ші апта**<br>**«Қасқыр мен түлкі» ертегісі**<br>Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету.<br>**«Қасқыр мен түлкі» ертегісі**<br>Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздікқорларын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, батылдылыққа тәрбиелеу. |
| **Сауат ашу негіздері** | **І-ші апта**<br>**«Ң»** дыбысы және әрпі<br>(Ң дыбысымен таныстыру)<br>**«Ң»** дыбысы және әрпі<br>(сөзге дыбыстық талдау жасату, бірнеше сөзден сөйлем құрастырту)<br>**«Ң»** дыбысы және әрпі<br>(жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады)<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Ғ»** дыбысы және әрпі<br>(Ғ дыбы және әрпімен таныстыру)<br>(сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету)<br>**«Ғ»** дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды)<br>**«Ғ»** дыбысы және әрпі<br>(қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды)<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Ж»** дыбысы және әрпі<br>(*ж* дыбысымен таныстыру)<br>**«Ж»** дыбысы<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. Берілген буынға сөз құрастырады) |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | **«Ж» дыбысы және әрпі**<br>**(Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру)**<br>**IV-ші апта**<br>**«Ә» дыбысы және әрпі**<br>**(ә дыбысымен таныстыру)**<br>**«Ә» дыбысы және әрпі**<br>**(сөздерді қатыстырып, сөйлем құратқызу, сөздік қорларын толықтыру)**<br>**«Ә» дыбысы және әрпі**<br>**Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.** |
| **Көркем әдебиет** | **Әз Наурызым, Армысың!**<br>Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.Көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының жаңа жылы туралы білімдерін кеңейту.Өз елінің салт-дәстүрлерін құрметтей білуге тәрбиелеу.Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту.<br>**Наурыз көже**<br>Наурыз мерекесі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқып жеткізу.Салт-дәстүр,әдет ғұрыптар туралы ұғындыру,оны бағалап құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Киіз үй**<br>Өлеңді мәнерлеп оқып мазмұнын ашу.Киіз үйдің көрінісін сурет бойынша сипаттапәңгімелеу.Өлең жолдарын жаттау,сөздік қорын молайту.Ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Қол не үшін керек**<br>Әңгімені мәнерлеп түсінікті етіп оқып бере отырып әлемдегі еңбектер мен жақсылықтардың бәрі де адамдар қолымен жасалатын ұғындыру.Сұрақ-жауап арқылы балалардың ойын толық айта біліуіне баса назар аудару.Балалрды еңбек етуге тәрбиелеу. |
| **Математика негіздері** | **І-ші апта**<br>***Шартты өлшем***<br>Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету.<br>***Шартты өлшем***<br>Шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>***Шартты өлшем***<br>Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа.**<br>Тең заттар.шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар.**<br>Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>**Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар.**<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.<br>**III-ші апта**<br>**Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.**<br>кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.<br>**Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.**<br>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.<br>**Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.**<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.<br>**IV-ші апта**<br>**Геометриялық фигуралар және денелер.**<br>Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту.<br>**Геометриялық фигуралар және денелер.**<br>көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>**Геометриялық фигуралар және денелер.**<br>геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **І-ші апта**<br>**«Атадан қалған - мұра»**<br>Халқымыздың өнерін, салт- дәстүрін бағалай білуге үйрету. Әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**«Ұлттық ойындар»**<br>Ұлттық ойындарды балаға ойната отырып логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Менің елімнің салт дәстүрі»**<br>Туған елдің салт – дәстүрімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Еліміздің салт – дәстүрі туралы білімдерін дамыту.<br>**«Ата –баба дәстүрі»**<br>Салт – дәстүр арқылы балалардың бойына мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарды дамыту<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Киіз үй жабдықтары»**<br>Қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй туралы мәлімет беру, киіз үй құрлысымен таныстыру.<br>**«Жайлауға саяхат»**<br>Жайлау және оның орналасқан жері, ағаш үйдің құрлысымен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрап өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйрету.<br>**IV-ші апта**<br>**Менің елімнің**<br>**салт-дәстүрлері.**<br>Қазақтың салт-дәстүрімен таныстыру, әр салт-дәстүрдің ерекшеліктері жайлы білім беру. Өз салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**«Дәрумендер»**<br>Балаларға дәрумендер туралы және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру. Жемістер мен көкеністің пайдасын білуге, табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

## Сәуір айы

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері |
|---|---|
| Сөйлеуді дамыту | **І-ші апта**<br>**Жайлауда**<br>Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру.<br>Жайлауда<br>Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Мен ғарышкер боламын**<br>Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.<br>**Мен ғарышкер боламын**<br>«Қ» – «Ғ» дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Еңбек қорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Өрмекші, құмырсқа және және қарлығаш»**<br>«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету.<br>**«Өрмекші, құмырсқа және және қарлығаш»**<br>Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту.<br>**IV-ші апта**<br>«Маңдай тер»<br>Әңгімені әңгіелеп беру<br>«Маңдай тер»<br>Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету |
| Сауат ашу негіздері | **І-ші апта**<br>«П» дыбысы және әрпі<br>(п дыбысымен таныстыру)<br>«П» дыбысы және әрпі<br>(сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды)<br>«П» дыбысы және әрпі<br>(қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды)<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Ү» дыбысы және әрпі**<br>(ү дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Ү» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буынға бөлуге, бууын санын анықтау)<br>«Ү» дыбысы және әрпі<br>(Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу)<br>**ІІІ-ші апта**<br>Не үйрендім?Не білдім?<br>(өтілген әріптер мен дыбыстарға шолу жасау, сөйлем құрастыру, сөздерді буынға бөлу)<br>Ө» дыбысы және әрпі<br>(ө дыбысы және әрпімен таныстыру, сөздерді буынға бөлуге, |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | буын санын анықтау )<br>«Ө» дыбысы және әрпі<br>(Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру)<br>**IV-ші апта**<br>**«Г» дыбысы және әрпі»**<br>(г дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>«Г» дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды. Берілген буынға сөз құрастырады)<br>«Г» дыбысы және әрпі<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. |
| **Көркем әдебиет** | **Мен ғарышкер боламын**<br>Ғарышкер туралы түсінік беру.Ғарыш әлемінің кереметтерімен таныстыру.Ғарышкерлерді құрметтей білуге тәрбиелеу.Ғарыш туралы білімдерін кеңейту.<br>**Достық мерекесі**<br>Достық мерекесі туралы түсінік беру.Ғаламда көптеген ұлттар тұратыны туралы түсінік беру.Әр ұлты дос деп қабылдау керек туралы білімдерін кеңейту.Сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге сөздік қорларын молайту.<br>**Жеңіс күні**<br>Өлең шумақтарын мәнерлеп оқу жаттау,мазмұнын ашу.9 мамыр-Жеңіс күні туралы Ұлы Отан соғысында елімізді жерімізді жаудан қорғаған батыр ағаларымыздың ерлігін сурет бойынша әңгімелеу.<br>**Бала-біздің болашақ(өлеңін жатттау)**<br>Бала-біздің болашақ өлеңінің мазмұнын ашу.Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып әр шумағын қайталау,жаттау.Балалар мерекесві туралы өз ойларын айтып жеткізу.Балаларды достыққа ,адамгершілікке тәрбиелеу. |
| **Математика негіздері** | **І-ші апта**<br>**Геометриялық пішіндегі заттар**<br>Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Геометриялық пішіндегі заттар**<br>ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.<br>**Геометриялық пішіндегі заттар**<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Пішіндер неге ұқсайды?**<br>қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру.<br>**Пішіндер неге ұқсайды?**<br>Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Пішіндер неге ұқсайды?**<br>Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға үйрету. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**Не қайда тұр?**<br>Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру.<br>Не қайда тұр?<br>кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптсатыру.<br>**Не қайда тұр?**<br>Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.<br>**ІV-ші апта**<br>Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.<br>кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.<br>Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.<br>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br>Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.<br>Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту. Зейін, жад, сөйлеу дағдысын, логикалық ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **І-ші апта**<br>**«Қазақстан табиғаты»**<br>Қазақстан табиғаты туралы мәлімет бере отырып оның құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге тәрбиелеу.<br>**«Табиғат байлықтары»**<br>Балаларды табиғат байлықтары(өсімдіктер, өзен – көлдер, жерін сүюге пайдалы қазбалар) туралы білімдерін кеңейту. Танымдық қызығушылықтарын, ой өрісін дамыту.<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Алақай, көктем келді!»**<br>Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту.<br>**«Көктемгі табиғаттың өзгеруі»**<br>Балаларды көктемгі маусымдық өзгерістермен таныстыру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Көктем гүлдері»**<br>Көктемнің алғашқы гүлі бәшешек туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ояту.<br>**ІV-ші апта**<br>**«Жәндіктер әлемі»**<br>Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру, жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу.<br>**«Ормандағы жәндіктер»**<br>Жәндіктердің тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| **Құрастыру** | **Көпір**<br>**(құрылыс материалдарыменқұрастыру)** |
| **Жапсыру** | **Алаңқайдағы жәндіктер**<br>**Геометриялық элементтерден сюжетті композиция құрастыру арқылы жапсыру дағдыларынқалыптастыру** |

Scanned with CamScanner

**Мамыр айы**

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **І-ші апта**<br>**«Күн, Ай және Қораз»**<br>Ертегіні әңгімелеп беру.<br>**«Күн, Ай және Қораз»**<br>Ертегі мазмұнын түсініктітүрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Түлкі мен Қоян» ертегісі**<br>Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру.<br>**«Түлкі мен Қоян» ертегісі**<br>Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққажауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**Жаздың кезі көңілді**<br>«Жаздың кезі көңілді»тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту.<br>**Жаздың кезі көңілді**<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздікқорларын толықтыру. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу.<br>**ІV-ші апта**<br>**Асфальттағы суреттер**<br>Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату.<br>**Асфальттағы суреттер**<br>Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауғатәрбиелеу. |
| **Сауат ашу негіздері** | **І-ші апта**<br>**«И»** дыбысы және әрпі<br>(и дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>**«И»** дыбысы және әрпі<br>(сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды)<br>**«И»** дыбысы және әрпі<br>(жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады)<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Я»** дыбысы және әрпі<br>(я дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>**«Я»** дыбысы және әрпі<br>(сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды)<br>**«Я» дыбысы және әрпі**<br>Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Ю» дыбысы және әрпі**<br>(ю дыбысы және әрпімен таныстыру)<br>**«Ю» дыбысы және әрпі**<br>(сөз құрау арқылы ой-өрісін дамыту, бірнеше сөйлем құрастыру)<br>**«Ю» дыбысы және әрпі** |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | (Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу)<br>**IV-ші апта**<br>**«Х» (дыбысы мен әрпі)**<br>(х дыбысы мен әрпімен таныстыру)<br>**«Х» дыбысы және әрпі**<br>(сөйлем құрату арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту)<br>**«Х» дыбысы және әрпі**<br>(сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды)<br>**Жыл бойы өткенді қайталау** |
| **Көркем әдебиет** | **«Бір шаңырақ астында»**<br>Қайырымды қоян ертегісі<br>(өзінің қимылын серіктесінің қимылымен үйлестіріп, сахнада бағдарлау біліктілігін, ертегіні сахналауды жетілдіру)<br>**«Бейбітшілік қорғанында»**<br>Жарқын жаз<br>(Н.Айтов)<br>(әңгімелеп беру іскерлігін жетілдіру)<br>**«Біз еңбекқор баламыз»**<br>Төлдер айтысы (ертегі)<br>(таныс сюжет бойынша ертегіні сахналау барысында ертегі желісін ретімен орындау)<br>**«Жазда келді көңілді»**<br>Әке мен бала<br>(Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көз қарасын білдіру) |
| **Математика негіздері** | **І-ші апта**<br>**Жыл мезгілдері. Жыл айлары.**<br>уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Жыл мезгілдері. Жыл айлары.**<br>Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.<br>**ІІ-ші апта**<br>**Таразы.**<br>Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету;<br>**Таразы.**<br>Таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру.<br>**Таразы.**<br>Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**Өлшеу.**<br>Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту.<br>**Өлшеу.**<br>Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; |

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| | **Өлшеу.**<br>Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыр<br>**IV-ші апта**<br>**10 көлемінде тура және кері санау, геометриялықпішіндер мен денелер атауын бекіту.** Есеп шығару,заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту.<br>**Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау;**зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасындамыту.<br>**Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.**<br>Жыл бойы өткенді қайталау |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | **І-ші апта**<br>**«Менің отаным»**<br>Балаларды отанды сүюге ҚР рәміздерін қастерлеуге еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.<br>**«Туған өлкем»**<br>Балаларға туған өлкенің сұлулығымен таныстыру.<br>**ІІ-ші апта**<br>**«Қызы кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер»**<br>Қызы кітап туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатты қорғауға, оған қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**«Табиғатқа қамқор бол»**<br>Табиғат аясында өз –өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ІІІ-ші апта**<br>**«Ғарыш әлемі»**<br>Балаларға ғарыш әлемі туралы түсінік беру. Ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**«Ғарыш және біз»**<br>Еліміздің ғарышкерлері жайлы әңгімелеу. Тілдік қорын, ойлау қабілетін дамыту.<br>**IV-ші апта**<br>**«Жаз да келді көңілді»**<br>Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту. Жазғы ойындар, жазғы еңбек жайлы түсінік беру.<br>**«Жазғы ойындар»**<br>Танымдық, шығармашылық қасиеттерін, тілін сөздік қорын дамыту. Жазғы ойындарға деген қызығушылқтарын арттыру.<br>Жыл бойы өткенді қайталау |
| **Құрастыру** | Менің балабақшам<br>(Ұжымдық құрастыру). |
| **Жапсыру** | **Жайлау**<br>Қазақстанның табиғатын бейнелейтін ұжымдық композицияларды орындау дағдыларынқалыптастыру. |

Scanned with CamScanner